

егемен

Азатстан

Ашаршылық ақиқатына жаңа көзқарас

Тәуелсіздік жылдары жарияланған деректерде кеңестік биліктің алғашқы 1920- 1930-жылдарында қазақтар 4-4,5 млн. адамынан айырылған. 1921-1922-жылдардағы аштық кезінде 1 млн. 700 мың адам (ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының төрағасы Мұхтар Әуезовтің мәліметі бойынша), 1932-1933-жылдары 2 млн. 300 мыңға жуық адам құрбан болған. Соңғы мәліметтерде, «1920 жылдардағы ашаршылықтан өлгендердің саны 2,3 млн. адамға жеткені», қазақ демографы Мақаш Тәтімовтің деректерінде «XX ғасырда болған азамат соғысы, қолдан жасалған ашаршылық, қуғын-сүргін кездерінде, екінші дүниежүзілік соғыста бас-аяғы 3 миллион 850 мыңға жуық қазақ қырғынға ұшырағаны» айтылады.

Қазақ тарихында «ұлы жұт» (ағылш. «Great Famine») атауымен қалған 1920-30 ж.ж. ашаршылықтың экономикалық және демографиялық зардаптарының өте ауырлығы дәлелдеуді қажет етпейді. Сол кездегі қазақ зиялыларының мәліметтері бойынша, ашаршылық апаты Алтайдан Маңғыстауға дейінгі қазақ даласын түгел қамтыған. Бұл жылдары дәстүрлі мал шаруашылығы күйзеліске ұшырады, бірден-бір тіршілік көзінен айрылған қазаққа біржолата жойылу қаупі төнді.

КСРО-да жүргізілген күштеп ұжымдастыру науқаны Қазақ елін айналып өтпегені белгілі. Жаппай тәркілеу құрығына шаруалармен қатар, дәулетті қазақ байлары мен кезінде билік тізгінін ұстаған хандардың ұрпақтары ілікті.

1. «ЖҰТ - ЖЕТІ АҒАЙЫНДЫ»

Ауа райының аса қолайсыз құбылыстары, атап айтқанда, қуаңшылық, жерді көк мұз басуы т.б. салдарынан болатын экономикалық күйзелісті ежелгі қазақтар жұт деп үрейленген. Қазақ «жұт - жеті ағайынды содырмен сегіз, салақпен тоғыз, олақпен он» деген сөздер де ертеден келе жатыр. 19 ғасырда қазақ даласында 20 ірі Жұт тіркелген.

Міне, осындай дүркін-дүркін Жұттан аман қалған қазақ, большевиктер билікке келгеннен кейінгі жағдайда оған төтеп бере алмады. Оның басты себебі, жұмысшы мен шаруаның одағына негізделген пролетариат диктатурасының орнауы еді. Бұл төңкеріс бастапқыда «әлемдік социализм» теориясына сәйкес Ресей империясына «эксперимент» ретінде енгізілген-ді. 1917 жылғы үздіксіз революциялар, соның ішіндегі «социалистік революция», «кеңестер» туралы В.И.Ленин: «Уақытша үкіметпен, буржуазия үкіметімен қатар әлі әлсіз, жаңа ұрық салып келе жатқан... екінші үкімет - жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері құрылды. Бұл үкіметтің саяси сипаты қандай? Бұл - революциялық диктатура, яғни орталықтандырылған мемлекеттік өкіметтің шығарған заңына емес, ... бұқара халықтың төменнен болатын тікелей бастамасына сүйенетін өкімет» деп жазған еді. Алайда, бұл өкімет

орталықтан шет жатқан Түркістан сияқты аймақтарда Мұстафа Шоқайдың сөзімен айтқанда, «... өліктердің үстінде ... әйелдер мен балалардың өліктерін құрбандыққа шалып орнады». Билік үшін күресте большевиктердің толық жеңісі немесе «социалистік революцияның салтанат құруы» - азамат соғысынан кейін ғана мүмкін болды. Кеңес өкіметінің 1920 жылдан басталатын дербес билігі 1930 жылдары тоталитаризм (лат. totalis - тұтастай, түгелдей) жүйесін туғызды. «Тоталитаризм орнаған мемлекетте қоғам өмірінің барлық саласы биліктің бақылауында болып, адам бостандығы мен конституциялық құқықтары жойылады, оппозиция мен өзге саяси ой өкілдері саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Оның тарихи үлгілері КСРО-да Сталин, Қытайда Мао Цзэдун, Солтүстік Кореяда Ким Ир Сен режимі кезінде, сондай-ақ фашистік Италияда Б.Муссолини және Германияда А. Гитлер тұсында орнады»

/«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 2006. - 704 б.-Т.8.- Б.458/.

Тоталитаризм орнаған КСРО -да 1920-30 ж.ж. байлар мен кулактарды тап ретінде жою шаралары мен ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру саясаты жүзеге асырылды. Нәтижесінде қазақ халқы алапат ашаршылыққа ұшырап, жаппай босқыншылықты бастан өткерді. Кеңестік тоталитаризм зиялы қауым өкілдерін ұлттық саяси ұстанымдарына орай «тап жаулары», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде қудалады. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әбілов, М.Тынышбаев, Т.Рысқұлов т.б. Алаш арыстары тоталитаризмнің құрбаны болды.

Қазақ өлкесін басқарған Ф.И.Голощекин (1925-1933) елді индустрияландыру және ұжымдастыру саясатын тездетті. Оған И.Сталиннің 1928 жылы 15 қаңтар - 6 ақпан аралығындағы Сібірге сапарында (Новосибирск, Барнаул, Бийск, Рубцовка, Красноярск, Омбы), Красноярскіде өткізген «Шығыс кеңесі» түрткі болды. КСРО-ның Бірінші адамы елдегі астық дағдарысына тоқталып, «егер 1927 жылғы қаңтарда 428 млн. пұт дәнді астық дайындап үлгірген болсақ, ал 1928 жылғы қаңтарда дайындалған астық 300 млн. пұтқа әрең жеткенін, осы жетіспеушіліктің 128 млн. пұт болғанын» /Омарбеков.Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Алматы: Санат, 1997. - 320 б. - Б. 41/ тілге тиек етті. Осы сөздерді құлағы шалған жергілікті «шабармандар» астық дайындауда «асыра сілтеулерге» жол берді. Соның салдарынан қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы күйзелді, қазақ зиялыларының мәліметтері бойынша, сол кезде 40,5 млн.-дай мал басы 4,5 млн-ға қысқарғаны белгілі. Оның үстіне ауа райының қолайсыздығы мен аштықтан босқан халықтың 24 пайызы, яғни әрбір төртінші адам қазаға ұшырап отырған.

Осылайша, большевиктер жоспарға негізделген экономиканың негіздерін қалады, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуда сан қуып кетті. Ал, Қазақ даласында «папка ұстаған шолақ белсенділер» көбейіп,

көк аспанда «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұрандары самғады. Патшалық биліктен мұраға қалған кеңестік биліктің өзге ұлттарды отарлау саясаты, қаншама халықтың көз жасын көлдетіп, «жасанды» қасіретке душар етті. Әбден, ашыққан қазақтар шекаралас Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан арқылы Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия сияқты елдерге асып кетіп жатты. Сол жылдары осы елдерге табан тіремеген қазақ отбасы кемде-кем.

1928-1932 ж.ж. бірінші бесжылдық тұсында қазақ байларын тәркілеу саясаты күшіне еніп, кеңестік билікке қарсы «әлеуметтік қауіпті элементтерді» іздестіруге, оларды күштеп жер аударуға ұласты. Әсіресе, қазақ байлары, қазіргі тілмен айтқанда қазақ меценаттары қудаланды.

Ұжымдастыру науқанында Жетісуға әйгілі ірі ауқатты әулет Маман отбасынан 1720 ірі қара, 13 ақ үй, 13 ағаш үй тәркіленген. Бұл әулеттің мүшелері қазаққа пайдалы істер жасаумен танылған еді, айталық ғылым-білімнің қадірін ұққан Есенқұл Маманов жақсы роман жазған адамға бәйге жариялаған болатын; Семей округінен Құнанбай - Абай ұрпағынан Шәкәрім, Тұрағұл қудаланғаны белгілі. Сол кезде Тұрағұлдан небәрі 36 мал басы тәркіленген екен. Семей қаласындағы ет және тері өнеркәсібінің негізін қалаған, 1918 жылы М.Әуезовтің өтінішімен «Абай» журналын шығаруға қаржылай демеушілік танытқан, ірі қазақ байларының бірі Қаражан Үкібаевтың мүлкі кәмпескеленеді.

Батыс өңіріндегі ауқатты адамдардың бірі, Сырым Датұлының шөбересі Салық Омаровтың мал-мүлкі тәркіленіп, өзі Жетісуға жер аударылады. Ол кезінде Жаһанша Досмұхамедовтың Санкт-Петербургке оқуға түсуіне қаржылай көмек көрсетіп, Алаш әскеріне 200 жылқысын берген адам. Сол сияқты Тұрағұл Ибрагимов алашордашы ретінде Халел Ғаббасов, Мұсатай Молдабаевпен бірге Сібірге жер аударылған.

Өйткені, 1932 жылы Ораз Исаевтың Сталинге жолданған хатында жазылғандай: «...Байлардың көптеген аудандарда белгілі бір табысқа жеткенін мойындау керек. Бұл 1930-1931 жылдары байлардың Алтайдан Маңғыстауға дейін едәуір ірі-ірі контрреволюциялық бас көтерулер ұйымдастыра алғанынан ерекше айқын көрінді» /Қазақ қалай аштыққа ұшырады?. Алматы, 1991. - 206 б. - 26 б./.

Ал, ұлттық зиялы қауым өкілдері, материалдық жағынан шіріген бай болмаса да, рухани жағынан өте бай адамдар ретінде қоғамға аса қауіпті саналды, олар ұжымдастыру науқанында тәркілеудің екінші тобына енгізілді. Осылайша, 1930 жылдары басталған байларды тап ретінде жою науқаны, 1918-20 жылдардан бастау алатын саяси қуғын-сүргінді одан әрі өршітті. Тәркілеуге тартылған адамдар 3 категорияға бөлінген еді: Біріншісі концентрациялық лагерлерге жабылды; екіншісі шалғай жерлерге жер

аударылды; үшіншісі колхоздардан тыс жерлерге қоныс аударылды. Жаппай тәркілеудің азабын өзге ұлт өкілдері де тартты.

Қазақ даласында «оттай лаулаған» ашаршылық туралы көрнекті қазақ зиялылары Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов, Ораз Исаев, Сұлтанбек Қожанов және т.б. Мәскеуге ресми хаттар дайындады. БК (б) ЦК-нің Бас хатшысы И.В.Сталин мен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге жолданған Т.Рысқұловтың «Сталинге хаттары», Ғ.Мүсірепов, М.Ғатаулин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев жазған «Бесеудің хаты» және т.б. хаттарда қазақтың «қара шыбындай» қырылуы мен үдере шетел асуының негізгі себептері, экономикалық және демографиялық шығынды айғақтайтын нақты мәліметтер берілді. Сол кездегі ресми мәліметтерде 1933 жылы Қазақстанның 104 ауданындағы 206 мың адам азық-түлік көмегіне зәру болған. Алайда, орталық ашаршылыққа ұшыраған аудандарға көмек беру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыра алмаған, ешқандай жанашырлық танытпаған.

Дәл осындай ресми хаттар 1918-1922 жж. үздіксіз жүрген ашаршылық кезінде де жазылған. «Обращение киргиз к Ленину» /Қазақтардың В.И.Ленинге хаты/ деп аталатын хатты, қазақ делегациясы орталыққа қабылдата алмай, Кавказда жүрген Мұстафа Шоқайға жеткізген, көп кешікпей, бұл хаттың мәтіні «Борьба» газетінде /Тбилиси, 1921/ түсіндірмелермен жарық көрген. Құжатта адамдардың «иттің етін жеуге» дейін жеткендігі, оларға ешбір медициналық көмектің көрсетілмеуі жалпы қазақ қоғамына теріс көзқарастан туындап отырғаны, Орталықтың өкілдері мен жергілікті халықтың арасында өзара түсіністіктің жоқтығы, партия, кеңес қызметкерлерінің көпшілігінің отарлық рухпен уланғандығы жөнінде сөз қозғалады. /К.Есмағамбетов. М.Шоқай қазақтардың ашаршылыққа ұшырауы туралы» ҚазҰПУ, №2 (29), 2011. 107-114 бб./ Ал, 1932-1933 ж.ж. ашаршылықтың зардаптары бұдан да зор болған еді. Бұл кезде ит емес, адамның етін жеу фактілері жиі орын алған. Осы тұста Тілеу Көлбаевтың «Ұлт зиялылары ашаршылық тұсында» мақаласында жарияланған Ілияс Жансүгіровтің «Жұт - жеті ағайынды» өлеңін келтіруді жөн көрдік:

«...Болғанда ақтабанды шұбырынды,
Қазаққа кесе келіп кім ұрынды?
Орта жолдан мен келіп килігіп ем,
Тұмсығы қазағыңның тұжырылды
Айтпайық, Орал менен Ішкі Ордасын,
Семейді, Ақмоладай жолдасымен.
Елін ойран, жерін шаң топырақ қып,
Қайыршы қылып қойды қатырып, басы, миын...».

Алайда, қазақ оқығандарының әртүрлі жанрдағы жанайқайын еститін құлақ болмады, тыңдаусыз қалды. Оның ақыры немен аяқталғаны, баршамызға мәлім.

Бүгінге дейін Қазақстандағы ұжымдастыру науқаны мен ашаршылыққа қарсы бой көтерулер туралы аз жазылған жоқ. Қазақ жерінде 1929-1931 жылдардағы 80 мың адамды қамтыған 372 шаруалар көтерілісі талқандалды. ОГПУ (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма) мәліметтері бойынша, 1930 жылы қаңтар-сәуір айларында КСРО-да 1,8 млн. адамды қамтыған 6 мыңдай шаруалар көтерілісі болған. Соның ішінде Қазақ даласындағы ірі көтерілістер: Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Қарақалпақ (басмашылық көтеріліс - Тақтакөпір), Адай, Абыралы, Шыңғыстау, Батпаққара (Торғай - Әбдіғаппар хан), Балқаш, Жетісу, Сарқанд, Қордай.

Гувер мұрағатынан табылған 6-6,5 беттік «Осман батыр көтерілісі» (бүркеншік есім болуы мүмкін - Б.А.) туралы құжатта белгісіз автор, Қордай таулы асуынан шыққан Осман батырдың шын есімі Бадри Минафарар Карим. Ол 1914 жылы Стамбул институтын бітірген. 1917 жылы Мухтариаттың мүшесі, 1922 жылы Түркісламхукумат құрамына кіргенін» жазады./ Буркитбай Аяған. Красные и черные (материалы Гуверского архива). - Алматы, 2005. - 240 с. - С.82-89/. Қалай болғанда да, мұндай фактілер шаруалар көтерілісін беделді адамдардың басқарғанын айғақтайды.

2. БАТЫСТЫҚ САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

1920-1930 жылдардағы ұжымдастыру мен ашаршылық туралы алғашқы еңбектер шетелдік басылымдарда жарық көргені белгілі. Солардың ішінде британдық тарихшы Роберт Конквестің 1986 жылы шыққан «Жатва скорби: советская коллективизация и террор голодом» (ағылш. Robert Conquest. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivisation and the Terror-Famine) еңбегі ерекше. Р.Конквест «Қазақстандағы ашаршылық қолдан жасалды, басқаша айтқанда 1921 жылғы тәсілмен қайталанғанын, таза идеологиялық қысыммен, ойластырылмай жүргізілген ұжымдастыру саясатының нәтижесінде туындаған. Бірақ, Қазақстандағы ашаршылық Украинамен салыстырғанда әдейі ұйымдастырылды деуге болмайды. Өйткені, Кеңес өкіметінің қоғамның барлық саласындағы әрекеті, өзара байланысты: кулактарды тәркілеу, ұжымдастыру және ауылдағы жасанды ашаршылық» деген тұжырым жасайды.

Дегенмен, Батыстық тарихнамада кеңестік ұжымдастыру мәселесіне ертерек қалам тартқан авторлар: 1934 жылы У.Х.Чамберлен (Chamberlin, William Henry), 1936 жылы Аманда Эвальд (Ammende, Ewald), 1964 жылы Далримпл Дана (Dalrymple, Dana) болды. Ал, Роберт Конквест (Robert Conquest) бұл тақырыпқа 1968 жылдан бастап кіріскен. Жалпы, осы мәселеге батыстық ғалымдардың қызығушылығы XX ғасырдың 80-жылдарынан

бастап артты. Сол кездегі көптеген деректерде КСРО-дағы саяси «қуғын-сүргін» мен «жасанды ашаршылық», «геноцид» ретінде көрсетіледі. Бірқатар батыстық зерттеушілердің пікірі «Сталиндік саясат қазақ, украин және өзге ұлттарды этнос, тап ретінде жою үшін әдейі жасалған» дегенге саяды.

«Министерство иностранных дел и Голод» атты кітаптың авторлары Марко Кариннык, Ю. Любомир мен Лючик және Богдан С. Кордан (Marco Carunnyk, Lubomyr Y. Luciuk; Bohdan S. Kordan) Ресей, Батыс Сібір, Қазақстан және Еділ жағалауы бойында белең алған ашаршылық туралы Ұлыбритания Сыртқы Істер министрлігі (СИМ) мұрағатынан алынған құжаттардың ақымды топтамасын жасады.

Империя жөніндегі Маркетингілік Кеңестің өкілі, ауыл шаруашылығы бойынша канадалық сарапшы, әрі бақылаушы Эндрю Кэрнстің (E.Carns) есебінің құндылығы жоғары. Ол 1932 жылдың көктемі мен жазында КСРО-ның Батыс Сібір, Қазақстан, Еділ жағалауы, Украина, Қырым және Солтүстік Кавказ сияқты астықты аймақтарын аралаған. Бұл деректер ауа райының кейбір қолайсыздығына қарамастан, «кеңестік аграрлық саясаттың салдарынан аштықтың толық қолдан жасалғанын» айғақтайды.

Американдық сарапшы Марта Брилл Олкотт (Martha Brill Olcott) «Коллективизация в Казахстане» атты еңбегінде: «кеңестанушы үшін ең үлкен проблема, 1930-жылдардағы оқиғаларды түсіну және дұрыс түсіндіру» екендігіне назар аударады. Қазақтар да украиндықтар сияқты, Сталиннің аграрлық саясатын геноцид ретінде қарастыруына болады, өйткені ұжымдастырудың мақсаты украиндықтар мен қазақтарды ата-қонысынан аластату арқылы орыстарды қоныстандыру, сөйтіп егіншіліктің жаңа, ұжымдық түрін ұйымдастыру болды. Дегенмен, автор зерттеу барысында Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының, этникалық топтарды жою мақсатын көздеген КСРО-дағы кез келген басқа облыстармен тең келетін құжаттарды ешқашан кездестірмегенін» атап өтеді.

1997 жылы «Черная книга коммунизма: преступления, террор, репрессии» атты алғашқы іргелі анықтамалық басылым жарық көрді. С.Куртуа, Н. Верт, Ж-Л Панне, А. Пачковский, К.Бартошек, Ж-Л Марголен сияқты халықаралық тарихшы ғалымдардың ұжымы, 1932-1933 жылдардағы ашаршылықты терең түсіну үшін, мемлекет пен шаруалар арасындағы «экономикалық қатынастарды» талдаған. Республика көлемінде екі жылда мал басының 80 пайызы жойылғаны, мал-мүлкінен айрылған 2 млн. аса қазақтар ашаршылыққа ұшырап, елден тысқары жерлерге босып кеткені, миллионға жуығы Орталық Азияға, мыңдаған адамдар Қытайға қашып кеткені туралы баяндалады.

Әлеуметтік тарихшы, кеңестанушы, Чикаго университетінің профессоры Шейла Фицпатрик (Sheila Fitzpatrick) «Повседневный сталинизм.

Социальная история Советской России в 30-е годы: город» атты еңбегінде: «Ашаршылық уақытша құбылыс болатын, ал азық-түлік пен тұтыну тауарларының тапшылығы олай емес-тін. Марксистік социализмнің байлыққа кенелтетініне сенім артты, бірақ кеңестік билік жағдайында социализм мен тапшылық бір-бірінен ажырағысыз болғанын» алға тартады.

Николас Верт (Nicolas Werth) «Раскулачивание как массовое насилие» атты мақаласында «КСРО-ның басым бөлігін құрайтын шаруалардың экономикалық артта қалуы мен олардың саясаттан аластатылуы - кеңестік биліктің осал тұсы болғанын» көрсетеді.

«Годы голода: Советское сельское хозяйство 1931-1933гг.» атты кітаптың авторлары Р.У.Дэвис и С.Г.Уиткрофт (R.W.Davies and Stephen G.Wheatcroft) 1930 жылдардағы саяси оқиғаларды құжаттық деректер мен естеліктер негізінде КСРО-ның аграрлық саясатының топтамасын - егін егуден бастап 1931 жылғы жоспарлау кезеңіне дейін көрсетуге тырысады.

Батыстық зерттеушілердің көбі И.В. Сталиннің «ұжымдастыру саясаты украиндықтар мен өзге ұлттық топтарға қарсы әдейі жүргізілген» деген тұжырым жасайды. Бұл мәселеге АҚШ Конгресінің шешімімен Украинадағы ашаршылық фактілерін зерттеу ісі жөніндегі арнайы комиссия құрылғаннан кейін жаңаша көзқарас қалыптасты. Осы комиссияның атқарушы директоры Джеймс Мейс бастаған топтың қорытындысы: бұл қасірет «ақырына дейін жасанды ашаршылық болып қалады» және «1932-1933 жылдары Сталин мен оның төңірегіндегілер украиндықтарға қарсы геноцид ұйымдастырды» дегенге келеді.

Австралиядағы Мельбурн университетінің тарих профессоры С.Уиткрофттың (Stephen G.Wheatcroft) «Советский голод 1931-33: политически намеренная или экономическая катастрофа?» атты еңбегінде Еуропалық және Еуразиялық зерттеулер орталығының қолдауымен ашаршылыққа қатысты кеңестік деревнялардағы қасірет туралы жаңа мәліметтер беріледі. Ашаршылық апатының экологиялық себептері болғанмен, әлемдік тәжірибедегі қазіргі ашаршылықтың себептерін салыстырмалы зерттеулерде, - дейді автор, - ашаршылықтың көбі азық-түлік тапшылығынан емес, нарықтағы тепе-теңдіктің бұзылуынан туындайтын проблемалармен байланысты. Оның көзқарасынша, кеңестік ашаршылық мұның ешқайсысына қосылмайды.

С.Уиткрофттың «Советская статистика о продовольствии и смертности в период голода 1917-1922 и 1931-1933гг.» атты еңбегінде кеңес мемлекетін статистикалық мәліметтермен қамтамасыз ету және әлеуметтік-экономикалық жоспарды іске асыру мақсатында құрылған, мемлекеттік статистикалық жүйенің ерекшелігі қарастырылады. Алайда, жоспарлау процесі саясаткерлердің шамадан тыс іс-әрекеттерінен қирады, бірақ бұл

жоспарлаушылар мен санақшылардың біліксіздігі немесе жасампаздығының көрінісі болған жоқ. Мұрағат мәліметтеріне сәйкес, санақшылар кеңес мемлекетінің саяси жетекшілерін бірнеше рет шындыққа шақыруға тырысқан дей келіп, автор «1922 жылға қарағанда, ауылдық жерлердегі кейбір тамақтану көрсеткіштері, 1933 жылы төмен болған» деген қорытынды жасайды.

Ұжымдастыру науқаны мен ашаршылық нәубетіне қатысты Николо Пианчиоло (Nicollo Pianciola) «Голод в степи. (Коллективизация сельского хозяйства и казахские крестьяне)», француз тарихшысы Изабель Огайонның «Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 г.г.)», Н.М.Неймарктың (Norman M. Naimark) «Геноциды Сталина», Шейла Фицпатрик (Sheila Fitzpatrick) - «Сталинские крестьяне: социальная история Советской России в 30-е годы: деревня», Дана Далримплдің (Dana G. Dalrymple) «Советский голод 1932-1934 годов» зерттеу еңбектері мен мақалалары шықты. Д.Далримпл Кеңес Одағының өзге аймақтарына қарағанда, қазақ халқы адам шығынының орны толмас зардабын тартқанын алға тартады. 1932-34 жылдардағы ашаршылық өзінің ауқымы, мерзімдік ұзақтығы, қарқындылығы мен себеп-салдары жағынан, барлық әлемдік ашаршылықтың ішіндегі ең ауыры болды санайды. Ашаршылық салдарынан миллиондаған адамдар көз жұмды. 20-ға жуық әртүрлі деректік мәліметтерде, адам шығынының орташа есебі 5,5 млн.-ды құраған. И.В.Сталин билігі тұсындағы (1924-1953 ж.ж.) Қазақстандағы ұжымдастыру мен ашаршылық тарихына қатысты батыстық тарихнамалық зерттеулерге талдау жасай отырып, мынадай ой-қорытындыларға келдік:

1. Қолданыстағы тарихнамалық зерттеулер негізінде алғашқы шетелдік іргелі зерттеулер 1980 жылдардың ортасында жарық көрген;
2. Шетелдік әдебиеттерде КСРО тарихының өзекті мәселелері, атап айтқанда күштеп ұжымдастыру кезіндегі (1928-1932 ж.ж.) шаруалардың жаппай қысымға ұшырауы, 1937-1938 жылдардағы «үлкен террор», Қазақстан мен Украинадағы ашаршылық тарихының нәтижелері объективті қарастырылған;
3. 1920-1930 ж.ж. ашаршылық нәубеті мен саяси қуғын-сүргінге Кеңестік биліктің қатынасын кешенді талдау үшін шетелдік дерекнамалық-тарихнамалық зерттеулердің ауқымын кеңейту қажет.

Сөз соңында Мемлекет тарихы институтының ғалымдары тарапынан биыл 1932 жылғы нәубетке 80 жыл толуына орай «1932-33 жылдардағы Ашаршылық ақиқаты» (Правда о Голоде в 1932-33 годов) деп аталатын ғылыми-көпшілік қауымға арналған екі тілдегі (қазақ, орыс) кітапты баспадан шығаруға дайындап жатқанын айта кеткенді жөн санадық.

Бүркітбай АЯҒАН, тарих ғылымдарының докторы, профессор